



Ембінің экологиялық жауапкершілігі мол мұны жүргізілген рейтинг қорытындысы дәлелдеп отыр

Өткен аптада Астана қаласында экологиялық жауапкершілік бойынша мұнай-газ саласындағы компанияларының рейтингі жарияланды.

«Мұнай-газ компанияларының экологиялық жауапкершілігі БҰҰ-ның өңіраралық бөлімшесі, Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры және КРЕОН Энерджи компаниясының ықпалымен елімізде екінші рет өткізілуде. Мұнай-газ саласындағы ақпараттық қолжетімділікті анықтау бойынша тұрақты негізде жүргізілетін жұмыс жер қойнауын пайдаланушылардың экологиялық жауапкершілігін арттыруға оң әсер етеді», - деді Елордада өткен жиында ҚР Энергетика вице-министрі Сәбит Нұрлыбай.

«2018 жылдың экологиялық іс-шараның жеңімпаздарын анықтау үшін 19 компания қатысты. Рейтинг бойынша бірінші және екінші орынды биыл да «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (ҚМГ ҰК) және «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг» (ҚПО) алып отыр. Үшінші орынға «Ембімұнайгаз» АҚ тұрақтаса, төртінші және бесінші орында – «Норт Каспиан Оперейтинг» және «Қаражанбасмұнай» АҚ. Одан кейінгі рейтингті «Жайықмұнай» ЖШС, «Теңізшевройл» ЖШС, «Каспий мұнай» ЖШС, «СНПС-Ақтөбемұайгаз» АҚ, «Қазгермұнай» компаниясы, «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ, «Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС, «Саутс Ойл» ЖШС компаниялары жалғастырады.

Рейтинг үш тарау бойынша жүргізілді. Атап айтсақ, «Экологиялық менеджмент және саясат аталымы» бойынша ЕМГ 2-3 орындарды ҚПО-мен бөліскен (қос компанияның баллдары бірдей - 1,1429). Ал, 2017 жылы бұл тараудан Ембі 0,5714 балл еншілеп, 3 орын алған болатын.

«Қоршаған ортаға әсер» тарауы бойынша Ембі 1,5455 баллмен көш бастап тұр. Айта кетсек, 2017 жылы ЕМГ бұл тарауда 10-орынды иеленген болатын. Үздік бестікке ҚПО, ҚМГ ҰК, НКОК және «Қаражанбасмұнай» АҚ ілікті.

«Ашықтық» бөлімі бойынша да «Ембімұнайгаз» компаниясы ҚМГ ҰК, ҚПО, НКОК компанияларынан

кейінгі орынды иеленіп отыр. 2017 жылдың қорытындысымен бұл тарау бойынша Ембі ондыққа іліккен еді.

Айта кетейік, компанияның экологиялық жауапкершілігі, қоршаған ортаны қорғау бағытындағы жұмыстар туралы мәліметтерді корпоративті сайтының (www.emba.kz) «Тұрақты даму» бөлімінен оқи аласыздар.



Первая сера на Эмбе



Под занавес уходящего 2018 года, на Установке комплексной подготовки газа (далее УКПГ) Прорвинской группы месторождений была получена первая партия серы. Сейчас установка «LOCAT» работает в штатном режиме, ежедневно производя до 6 тонн гранулированной товарной серы. А перед газовиками Эмбы теперь стоят новые задачи.

- Особый вклад в реализацию этого проекта внесли специалисты Эмбы – начальник цеха подготовки газа и получения серы НГДУ «Жылыоймунайгаз» Аманжол Бектасов, заместитель начальника цеха подготовки газа и получения серы Жанболат Кисанов и ведущий инженер-технолог департамента по газовым проектам аппарат управления Георгий Галко, - отметил в беседе с корреспондентом «Ембі тынысы» управляющий директор по энергетическому обеспечению и газовому хозяйству ЭМГ Бауыржан СЕЙТКАЗИЕВ.

В целом по АО «Эмбаунайгаз» в 2018 году получено – более 152 миллиона кубометров товарного газа, из которого реализовано более 100 миллионов кубометров. Завершено строительство газопроводов от п. Аккистау до автоматизированной газораспределительной станции «Тушыкудык» и от УПГ С. Балгимбаева до п. Туманное, что позволило реализовывать товарный газ населению в любое время года, независимо от сезонных колебаний.

Пожелаем успехов нашим коллегам-газовикам, открывающих новую страницу в славной истории нашей Компании!

Ұлттық компания жаңалықтары

Құрметті әріптестер!

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) әлеуметтік жауапты компания бола отырып, ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің арасындағы жүрек-қан тамырлары ауруларының ағымдағы статистикасына аса алаңдаулы.

Осылайша, соңғы 10 жылда 225-тен астам қызметкер жүрек-қан тамырлары ауруларынан қайтыс болды және 95% жағдайда – миокард инфарктісі, ал қалған 5% - инсульт болды. Қайтыс болған қызметкерлердің орташа жасы 45-55 жас арасында. Бұл

жүрек-қан тамырлары ауруларының себебінен айына екі өлімге жағдайына тең!

Осыған ұқсас кезең ішінде ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің ұқсас саны инсультпен және инфаркттармен ауруханаларға жатқызылды, бірақ, шұғыл медициналық араласу арқасында олардың өмірін сақтап қалды!

ҚМГ КО еңбекті және қоршаған ортаны қорғау блогы ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері үшін жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алу жөніндегі ұсынымдарды әзірледі, олар қоса берілген «Инфаркттар мен инсульттардың алдын алу» брошюрасында сипатталды.

Брошюрада дұрыс тамақтану, белсенді өмір салты, стресске төзімділік және басқа да оңай қолданылатын және күнделікті өмірде жасайтын әрекеттер бойынша қадамдық нұсқаулықтар бар.

Хабардар болу және алдын алу мықты денсаулыққа, демек бақытты және ұзақ өмірге жол ашады!

(Брошюраның толық нұсқасымен Ембінің корпоративті сайтының (www.emba.kz) Тұрақты даму → Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлімінен таныса аласыздар).

В. Спинелли

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

еңбекті және қоршаған ортаны

қорғау жөніндегі басқарушы директор

Инфаркт болған жағдайда, не істеуге болмайды

жаңа декорациялар?

жоқ, жаңа дефибриллятор!




★ Адамды жеке қалдырмаңыз, көмекке шақыру үшін алыстауды қоспағанда.

★ Адамның жүрек талмасының нышанын мойындамауына, шұғыл көмек шақырудан бас тартуына жол бермеңіз.

★ Жүрек талмасының нышаны өтіп кетеді деп күтпеңіз.

Әрбір минут ЕСЕПТЕ!

ас қанға



Өзіңіздің ДМИ есептеңіз	
$ДМИ = \frac{\text{салмақ, килограммен}}{\text{бойыңыз метрмен} \times \text{бойыңыз метрмен}}$	немесе $\frac{\text{салмақ, фунтпен} \times 703}{\text{бойыңыз дюйммен} \times \text{бойыңыз дюйммен}}$
Мысалы	
70 кг 1,75 м = ИМТ 22,9	155 фунт және 69 дюйм = ДМИ 22,9
100 кг 1,75 м = ИМТ 32,6	221 фунт және 69 дюйм = ДМИ 32,6
Килограмм метрмен және фунт дюйммен сіз өзіңіздің ДМИ анықтау үшін онлайн калькуляторды www.nhlbiupport.com/bmi/ сайтынан таба аласыз.	

Қарын бөлігінде немесе белде жиналған майға жататын («қарын» немесе «сыра қарын» атымен белгілі) абдоминальды май басушылық та болашақтағы жүрек-қан тамырлары ауруларының көрсеткіші болып табылады.

★ Белді құшақтау арқылы өлшеу абдоминальды май басушылықты өлшеудің қарапайым тәсілі болып табылады. Өлшегіш лентаны пайдаланып, кіндігіңізден жоғары беліңізді өлшеңіз.

★ Беліңіздің құшағы 102 сантиметрден [40 фунт] кем өлшемді аласыз.

★ Дені сау әйелдің белінің жуандығы 88 сантиметрден [35 фунт] аз болуы тиіс.

★ Белдің тым жуандығы диабет немесе жоғары артериалдық қысым тәрізді жүрек-қан тамырлары ауруларының үлкен қатеріне алып келеді.

ҚМГ БӨ артықшылықты акцияларын жаппай кері сатып алу бағдарламасы аяқталды

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі – «Компания», «ҚМГ БӨ») Компанияның артықшылықты акцияларын жаппай кері сатып алу бағдарламасы 2019 жылдың 31 қаңтарында аяқталғанын, енді Қазпошта» АҚ бөлімшелері ҚМГ БӨ артықшылықты акцияларының ұстаушыларынан оларды кері сатып алуға өтінімдерді қабылдамайтынын хабарлайды.

Айта кетейік, KASE-де Компанияның артықшылықты акцияларын сатып алу бойынша актық арнаулы сауда-саттық 2019 жылдың 14-ші мен 19-шы қаңтар аралығында өтіп, ал, есеп айырысудың соң-

ғы күні 2019 жылдың 31 қаңтарында болды. Яғни, ҚМГ БӨ артықшылықты акцияларын сатып алу бағдарламасы толық жабылды.

Компанияның артықшылықты акцияларын кері сатып алу бағдарламасы 2018 жылдың 13 тамызында бір артықшылықты акция үшін 12 800 теңге бағасымен іске қосылған болатын. Сол сәтте бұл KASE-дегі артықшылықты акциялардың 30 күндік орташа нарық бағасының 24,4%-дық сыйақыны құрады.

Бастапқыда бағдарламаның аяқталу мерзімі 2018 жылдың 16 қарашасына белгіленген болатын,

кейіннен Компанияның артықшылықты акцияларының шағын пакеттерін ұстаушыларынан келіп түскен өтініштердің көптігіне байланысты 2019 жылдың 31 қаңтарына дейін ұзартылған болатын.

ҚМГ БӨ артықшылықты акцияларын сатып алу бағдарламасы енді ұзартылмайды. Енді Компанияның артықшылықты акциялары қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзім ішінде KASE-ден шығарылады.

Компания артықшылықты акциялардың ұстаушыларына сатып алу бағдарламасына белсенді қатысқандары үшін алғыс білдіреді.

Тұмаудың алдын алу!

ҚМГ КО еңбекті және қоршаған ортаны қорғау блогы ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері үшін денсаулықты қорғау бюллетені тұмаудың ауруларының алдын алу жөніндегі бюллетенін әзірледі.

Өзіңізді сақтаңыз және денсаулығыңызды күтіңіз!

Профилактика гриппа

Блоком охраны труда и окружающей среды АО НК «КазМунайГаз» для работников Группы компаний КМГ разработан бюллетень охраны здоровья по профилактике гриппа.

Берегите себя и следите за своим здоровьем!

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ БЮЛЛЕТЕНІ ТҰМАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

ҚазМұнайГаз ҰК АҚ Қаңтар, 2019

БЕЛГІЛЕРІ:

- Бас ауыру
- Көзі жасау
- Мұнымен су алу
- Күрек жетел
- Дене қызуының 38,5-40,0С дейін көтерілуі
- Жалпы әлсіздік пен еділу
- Бұлақтар мен бұлақтардың аурулары мен қызуы

АЛДЫН АЛУ

- Оптимал науқас мүшесін қарын-қатынаста дие маска кию
- Жеке гигиена ережелерін сақтау. Қолды нұқыт әрі жиі жуу
- Вакцинация. Вакцинациялау алдында және жергі бойырау үшін дерггермен мейретті түрде көресу
- Таза ауада жиі болу, үй-жайды ылғалды тазалау, жолдету
- Адамдар көп жиналған орындарда (деңгелер, игандық, калк және т.б.) барнау
- Рацион: Жаңа піскен жемістер мен көкөністер, түйінді пияз, сарысап, цитрусты жемістер
- Шынығуды қоса, сауалатты өмір салтын ұстану
- Түшкіру мен жетелу кезінде бір реттік қол орамалды пайдалану

Өзіңізді сақтаңыз және денсаулығыңызды күтіңіз!

Байланыс ақпараты:
ЕЖҚЖК жөніндегі Басқарушы директор – Винсент Спинелли
Жұбайы бөлмесі тел. – +7 (7172) 78 61 52, e-mail: v.spinelli@kmg.kz
ЕЖҚЖК департаментінің жетекші маманы Майгүл Қажыбекова
Тел. – +7 (7172) 78 61 37, e-mail: m.kazhibekova@kmg.kz

БЮЛЛЕТЕНЬ ОХРАНЫ ЗДОРОВЬЯ ПРОФИЛАКТИКА ГРИППА

АО НК КазМунайГаз Январь, 2019

СИМПТОМЫ

- Головная боль
- Слезотечение
- Выделения из носа
- Сухой кашель
- Озноб
- Повышение температуры тела до 38,5 – 40,0 С
- Общая слабость и «разбитость»
- Боль и ломота в мышцах и суставах

ПРОФИЛАКТИКА

- При контакте с больным членом семьи пользоваться марлевой маской
- Соблюдать правила личной гигиены. Умываться и часто мыть руки
- Вакцинация. Перед вакцинацией обязательно проконсультироваться с врачом из-за возможных побочных реакций
- Частое пребывание на свежем воздухе, проветривание помещений и уборка в помещениях
- Не посещать места массового скопления людей (магазины, общественный транспорт и т.п.)
- Рацион: свежие фрукты и овощи, репчатый лук, чеснок, цитрусовые
- Придерживаться здорового образа жизни, включая закаливание
- При чихании и кашле использовать одноразовый носовой платок

Берегите себя и следите за своим здоровьем!

Контактная информация:
Управляющий директор по ОТ и ОС – Винсент Спинелли
Принимная тел. – +7(7172) 78 61 92, e-mail: v.spinelli@kmg.kz
Ведущий специалист департамента ОТ и ОС Казыбекова Майгүл
Тел. – +7(7172) 78 61 37, e-mail: m.kazhibekova@kmg.kz

Тайсойған блогына сейсмикалық барлау

қоршаған ортаға әсерді бағалау жобасына сай жүргізіледі



Тайсойған блогында 3Д МоГТ далалық сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу мәселесіне қатысты әлеуметтік желілерде бірқатар әңгімелер тарап жатқаны белгілі. Осыған орай, жуырда «Ембімұнайгаз» компаниясы және «БиджиПи» ЖШС өкілдері Қызылқоға ауданының Тайсойған және Миялы ауылының тұрғындарымен кездесіп, пайдалы қазбаларды барлау және геологиялық зерттеу (сейсмикалық) жұмыстарының жүру бағыттары бойынша халыққа түсіндірді.

Айта кетейік, «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы - Қызылқоға ауданындағы «Тайсойған» учаскесінде көмірсутегін барлау мен өндіруге құқығы бар жер қойнауын пайдаланушы компания. Геологиялық алаң аумағы 9,5 мыңнан астам шақырымды құрайды. Өздеріңіз жақсы білесіздер, бұл аймақ ұзақ жылдар бойы әскери полигон болды. Осыған

орай, аталмыш алаңда геологиялық зерттеу жұмыстарын жан-жақты жүргізуге толық мүмкіндік болмады. 2016 жылы бұл алаңда 2Д сейсморбарлау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде солтүстік және орталық алаңдарда бұрғыланған ұңғымалардың мәліметімен бірқатар болашағы бар алаңдар анықталды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі болашағы бар құрылымдарды жан-жақты зерттеу мен 3Д МОГТ үш кезеңді сейсморбарлау жұмыстарын жүргізудің керектігін көрсетті. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ инвестициялық комитеттің және тиісті органдардың келісімін алған соң компанияда тендерлік жұмыстар басталды. «Самұрық-Қазына» ӨАҚ» АҚ жұмыстар мен қызметтерді, тауарларды сату және сатып алудың электронды жүйесінде жүргізілген ашық тендерлік жұмыстардың барысында «БиджиПи Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серік-

тестігі жеңімпаз деп танылып, 3Д МоГТ сейсморбарлау жұмыстарын жүргізу бойынша келісімшарт жасалды. Өтімділігі төмен.

Осы орайда, халық арасында «барлау жұмыстары малдың өрісін тарылтып, шөптің тамырын қияды. Алып техникалары жолды бүлдіріп, жерасты суға үлкен зиян келтіреді» деген күмәнді ой да бар. Бұған қатысты айтарымыз, сейсморбарлау жұмыстары жергілікті бақылау және мемлекеттік органдардың бақылауы негізінде техникалық жоба мен қоршаған ортаға әсерді бағалау жобасына сай жүргізіледі. Заманауи технологияның арқасында қоршаған ортаға зиянды әсері төмен деңгейде болады. Сейсморбарлау жұмыстарының негізгі бөлігі жоғарғы қабатта жарылыссыз вибрациялық көздер арқылы жүргізіледі. Оның қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсері ең төменгі мөлшерде. Вибратордан 5-10 метр қашықтықта оның әсері әлсіреп, адам баласына және айналага қауіп болмайды. Вибратордың қозғалысында GPS-жабдықтармен және сейсмостанция жұмысы бақылауда ұсталынады. Сейсморбарлау құрылғылары (кабельдер/геофондар) жоғарғы қабатқа зиян келтірмеу мақсатында сейсмикалық пішінге қолмен орналастырылады. Бұрғылау жарылыс көзі (жарылыс ұңғымаларын бұрғылау) елді мекендерден алыста орналасқан сор жерлерде пайдаланылады. Учаскелердегі микро-сейсмокоротаж ұңғымасын бұрғылау жұмыстары топырақ жамылғысына зиян келтірмей және жарылыс көздерін пайдаланбай жүргізіледі. Барлық бұрғыланған ұңғымалар мен бұрғылау алаңдары тегістелген, алынған топырақпен жабылған. Мердігер мекеме – «БиджиПи Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрлықта сейсморбарлау жұмыстарын жүргізуде әлемдегі көшбасшы кәсіпорындардың бірі.

Мекеменің берген мәліметі бойынша, жобаны жүзеге асыруда бес жүзге тарта адам (жұмыс қызғанда) жұмыспен қамтылады, оның жиырмасы (бір вахта) – Қытай елінің азаматы, қалғаны – еліміздің азаматтары болмақ.

Айта кетейік, туған жердің табиғатына ұқыптылықпен қарау – компаниямыздың ұстанған басты бағыттардың бірі. Жер қойнауын пайдаланушы ретінде компания Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық саласымен бірге елдің дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Айталық, 2012 жылдың 1 қазаны мен 2018 жылдың 11 айы аралығында республикалық және жергілікті бюджетке салық төлемі түрінде 878,4 миллиард теңгеден астам, аймақтың инфрақұрылымын дамытуға - 4,3 миллиард теңгеден астам қаражат бөлді.



Ішкі тәртіпті сақтау - табысты еңбектің кепілі

бұл жөнінде жұмыс тобы мүшелерінің басқармалардағы кездесулерінде жан-жақты айтылды

Компанияның құндылығы мен миссиясын қарапайым еңбек адамдарына түсіндіру, еңбек тәртібін нығайту, компания мүлкін сақтау, қолға алынып жатқан жобалардың орындалу барысы туралы ақпараттарды ұжым мүшелеріне дер кезінде жеткізу мақсатында ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбековтің нақты тапсырмасымен жұмыс тобы құрылды. Жоғарыда аталған жәйттарды жан-жақты талдау арқылы ішкі коммуникацияны дамытуды көздеген жұмыс тобының мүшелері барлық басқарма ұжымдарында кездесулер ұйымдастырды.

Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан Нақпаевтың төрағалығымен «Қайнармұнайгаз», «Жайықмұнайгаз», «Ембімұнайэнерго», «ӨТҚЖЖК», «Доссормұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз» басқармаларында өткен кездесулерде Компания басшылығы тарапынан болған нақты тапсырмалар мұнайшыларға жан-жақты түсіндірілді. Соның ішінде, еңбек тәртібі ережесіне баса мән берілді.

- Қазіргі таңда Компанияда жұмысшылардың жұмыс орнында, жатақханада тұру, вахталық по-

селкелерге кіріп-шығу бағытындағы бірқатар ережелер бар. Атап айтсақ, Ұжымдық шарт, Еңбек тәртібі ережесі, ЕМГ нысандарына кіргізу ережесі және Іскерлік этика ережесі. Бұлардың барлығы еңбек тәртібін мықтап орнату, жұмысшылар мен компания мүлкінің қауіпсіздігі, сол арқылы жұмысшы-мамандарымызға жайлы ортада жұмыс істеуі үшін қабылданды. Бұл факторлар компанияның өндірістік көрсеткішіне де тікелей әсер етеді. Ұжымшілік татулықты қалыптастыру, әріптестер арасында сенімділікке құрылған қатынасты орнату арқылы еңбекте тамаша нәтижелерге қол жеткізе аламыз. Мұнайшылардың және олардың отбасы мүшелерінің де әлеуетін жақсартуға мүмкіндік орнайды, - деп атап өтті өз сөзінде С.Нақпаев.

2018 жылы бекітілген Компанияның стратегиялық бағыттарын айқындаған Даму тұжырымдамасында миссиямыз бен құндылықтарымызды айқындап алдық. Бұл орайда, әрбір мұнайшы Компанияның құндылығы мен миссиясын жете түсінуі тиіс.

Компанияның құндылықтары мен миссиясы дегеніміз не? Компанияның құндылықтары – жұмысшы-

қызметкерлердің денсаулығы мен Қоғамның мүлкі, қызметкерлеріміздің кәсіби шеберлігі, басталған істің нәтижелілігі, қоршаған ортаны сақтауға оң көзқарас. Ал, миссиямыз – еңбек адамдарының қауіпсіз ортада алаңсыз еңбек етулеріне жағдай жасау, еңбекте белгілі нәтижеге қол жеткізу, компанияның мүлкіне ұқыптылықпен қарау. Бұл орайда жұмыс тобының мүшелері өндірістегі әлеуметтік нысандарда орын алып отырған келеңсіз жайттарға да тоқтала кетті. Қоғам мүлкіне салғырт қарау, олардың мерзімінен бұрын істен шығуы, тіпті, кей жерлерде ұрлану фактілері де тіркелген. Демек, өндіріс мәдениетін жандандыру, еңбек тәртібін жақсарту әлі де баса назар аударуды қажет етеді.

Кездесу барысында жұмысшылар өздерін алаңдатқан мәселелер төңірегінде сауалдар мен ұсыныс-пікірлерін де ортаға салды.

Өндіріс нысандарын аралау кезінде жұмыс тобы асханалар, медициналық кабинеттер, жатақханалардың жағдайымен танысты. Кездесулер барысында, Сәлімжан Жұмашұлы қазіргі таңда жұмысшылардың сапалы тамақтанып, жайлы демалуларына барлық жағдай жасалып жатқанын атап өтті.



Ұжымшілік түсіндірме жұмыстары жандандырылуда

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының жалпы мәселелер бойынша орынбасары Сәлімжан Нақпаевтың төрағалық етуімен Компанияның бас кеңсесінде кеңейтілген жиын өтті. Оған Компанияға қарасты барлық өндірістік басқармалардағы әлеуметтік саясат бөлімдерінің басшылары, әлеуметтік саясат және шаруашылықты қамтамасыз ету департаменті мен қоғаммен байланыс қызметінің мамандары қатысты.

Кеңейтілген жиын барысында акционерлік қоғамның 10 жыл мерзімге қабылданған Даму тұжырымдамасындағы Компанияның құндылықтары мен миссиясы туралы тереңірек баяндалды.

Компанияның құндылықтарына қызметкерлердің денсаулығы мен өмірін сақтау, компания мүлкіне ұқыптылықпен қарау жайттары кіреді. Осыған орай, жиын барысында Сәлімжан Жұмашұлы жиынға қатысушы жауапты мамандардан өндіріс мәдениетін жандандыру, Компания мүлкіне ұқыптылықпен қарау, еңбек тәртібін жақсарту турасында ұжым мүшелері арасында түсіндірме жұмыстарын жан-жақты жүргізуге баса көңіл бөлу керектігін атап өтті.

Сонымен қатар, жиында 2019 жылда атқарылатын басты шараларға қатысты жасақталған жұмыс жоспарының жобасы да таныстырылды. Атап айтсақ, биыл қазақ мұнайының бастауында тұрған Қарашұңгіл кен орнына 120 жыл толмақ.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің дәстүрлі Жолдауында 2019 жылды «Жастар жылы» деп белгілеген болатын. Міне, осы екі атаулы шараға орай Компанияда бірқатар ауқымды жұмыстар қол-

ға алынғалы отыр. Жиын барысында жыл ішінде ұйымдастырылатын салтанатты шараларға қатысты ой-пікірлер, ұсыныстар айтылып, талқыланды. Тиісті шешімдер қабылданды.



«Іскерлік этика» Кодексі

2016 жылдың 13 желтоқсанында КМГ ҰК Директорлар кеңесі бекіткен «Іскерлік этика» Кодексі өз күшін жойып, кодекстің жаңа нұсқасы 2018 жылдың 29-қарашасында бекітіліп, күшіне енді. Кодексте айтылған негізгі ойларға қысқаша шолуды назарларыңызға ұсынамыз.

Іскерлік этика Кодексінің құндылықтары:

ҚАУІПСІЗДІК

Компания қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына – негізгі басымдық береді;

- Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік мәселелерін орындау;
- Қоршаған ортаға, Қоғам мүлкіне ұқыптылықпен қарау;
- Ақпараттың құпиялылығын сақтау жайттары басты назарда ұсталынады;

БІРЛІК

- Ортақ мақсатқа жету үшін бір ұжымға топтасу;
- Ортақ мақсатты орындауда әрбір қызметкер өзінің үлесін қоса алады;

КЕЛБЕТ

- Компания қызметкерлерінің бір-біріне әділдікпен, түсіністікпен қарауы;
- Әріптестерге, мердігерлер мен серіктестерге сыйластықпен қарау;
- Кездескен қиындықтарды бірлесе шешу;
- Бірлесе шешім қабылдауда туындаған сауалдарды жан-жақты зерттеп, барлық жақсы, кемшіл тұстарды ескеріп, барлық пікірлерді тыңдау, ескеру;
- Кешегі істің нәтижесіне құрметпен қарау, сабақтастықты қамтамасыз ету;

САПА

- Әркез жоғары нәтижеге қол жеткізуге ұмтылу;
- Уәдені уақытылы және сапалы орындау;
- Үздік атану үшін үнемі жаңа мүмкіндіктерді іздестіру;

Іскерлік этика Кодексінің принциптері:

АШЫҚТЫҚ

КМГ компанияның табыстары мен қызметінің нәтижесінде, ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуде ҚР заң құжаттарына сай ашық жұмыс істейді; КМГ шешімдері мен қызметі мүдделі тараптар үшін бекітілген тәртіпке сай ашық және түсінікті болуы тиіс. КМГ акционерлер мен мүдделі тараптарды өз шешімдерімен бекітілген тәртіпке сай әділ және дер кезінде таныстырып отырады.

ЖАУАПКЕРШІЛІК

КМГ экономиканың ұзақ мерзімді және тұрақты дамуында, қоршаған ортаны қорғауда, акционерлер, жұртшылық пен инвесторлар алдындағы жауапкершілігін жақсы сезінеді,

ЭТИКАЛЫҚ ТӘРТІП

КМГ акционерлер мен мүдделі тараптардың сеніміне сай болуға ұмтылады. Ал, өзара сенім жоғары этикалық нормаларды сақтау жолында туындайды. КМГ өзінің қызметін өзара сыйластықпен, тәртіптілікпен, төзімділікпен жүзеге асырады. Компания мамандары өз қызметтерінде мемлекеттік тілге, ұлттық дәстүрге деген құрметті үнемі көрсетіп отырады.

СЫЙЛАСТЫҚ

КМГ мүдделі жақтардың құқығын және олардың қызығушылығын жоғары бағалайды.

КӘСІБИЛІК

Мамандар – Компанияның басты құндылығы. Мамандардың кәсібилік деңгейі – Компания

қызметінің табыстылығына әсер ететін негізгі фактор.

ӘДІЛДІК

КМГ әділдік, объективтік принциптерін ұстанады. Жаңа нәтижелерге қол жеткізуде әрбір жұмысшыға жағдай жасап, олардың компания қызметіне қосқан үлестерін әділ бағалайды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

КМГ сыбайлас жемқорлыққа қарсы. Мүдделі тараптармен бірлескен жұмыста Компания қызметін көрсетуде ашық диалогқа дайын.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БОЛДЫРМАУ

КМГ мен жұмысшылар арасындағы кез-келген түсініспеушілікті болдырмауға тырысады. Маманның жеке мүддесі өзінің функционалдық міндеттерін орындауда алға шықпауы тиіс.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

КМГ өз қызметінде қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстар мен адамдардың денсаулығын сақтауға қатысты ҚР заң нормаларын сақтауға баса көңіл бөледі. Қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарау – басты қағида.

КМГ жұртшылық, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті жақсы түсінеді. Табиғи ресурстарды пайдалануда, жаңа технологияларды қолданысқа енгізуде, өндірісті дамытуда табиғи ортаға зиянды әсерді мейлінше болдырмауға тырысады.

АҚПАРАТТЫҢ ҚҰПИЯЛЫЛЫҒЫ

КМГ ішкі құжаттардың құпиялылығын ҚР заң нормаларына сай сақтайды. КМГ ақпараттық қауіпсіздік саясатын қолдай отырып, әрбір маманның жеке мәліметтерінің құпиялылығын сақтайды, сыйлайды.

Мамандар КМГ-нің құпия саналатын ақпараттар мен қауіпсіздікке қатысты ішкі құжаттар Ережелерін қатаң сақтауға тиісті;

Байқау / Конкурс!

Құрметті әріптестер!

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелер мен басқару аппараты жұмысшылары арасындағы «МЕН – ЕМБІЛІКПІН» ұжымдық шығармашылық байқауына қатысуға шақырамыз!

1. Байқаудың мақсаты:
- Жұмысшыларды ЕМГ-нің 2017-2027 жылдарға дейін бекітілген Даму тұжырымдамасындағы корпоративтік құндылықтарын сақтауға жұмылдыру;
- Корпоративтік мәдениет, өндірістік процестерді, шығындарды оңтайландыру, қауіпсіз еңбекті қамтамасыз ету, Компания мүлкіне және қоршаған ортаға ұқыпты қарау бағытындағы жаңа тиімді әдістерді ұсынатын еңбек ұжымдары мен белсенді мамандарды анықтау;
- Ұжымдық коммуникацияны дамыту.
2. Байқауды ұйымдастырушы: ЕМГ-нің қоғаммен байланыс қызметі.
3. Байқауға жолданатын жұмыстарды қабылдау кезеңі: 2019 жылғы 1 ақпан – 31 наурыз аралығы.
4. **Байқау 6 номинация бойынша өтеді:**
- Біздің мақсатымыз – жазатайым оқиғаны болдырмау;
- Бастаған істі соңына дейін жеткіземіз!
- Компания мүлкін сақтап, тұрақтылықты қамтамасыз етеміз!
- Шеберлік – кәсіби өсу кепілі!
- Бір ұжым – бір команда!
- Қарашүңгіл кен алаңының 120 жылдығына арналған үздік логотип (эмблема).
5. Байқаудың шарты:

«Мен – ембілікпін!» байқауына Компанияға қарасты басқармалардың, Басқару аппаратының кез келген жұмысшы-қызметкері қатыса алады. Байқауға ұсынылған шығармашылық жұмыстар әртүрлі жанрда – мақала, эссе, репортаж, фоторепортаж, сурет, бейнеролик (телефонға түсіруге болады) түрінде қабыл-

данады. Шығармашылық жұмыстарды «БАЙҚАУҒА» белгісімен «Ембімұнайгаз» АҚ Қоғаммен байланыс қызметіне (L.Suleimenova@emg.kmger.kz (байланыс телефоны – 21-177, 99-34-77), G.Karajanova@emg.kmger.kz (байланыс телефоны–21-121, 99-34-21), A.Ertleuova@emg.kmger.kz (байланыс телефоны -21-309, 99-32-09) жолдай аласыздар.

6. Үздік шығармашылық жұмыстар «Ембімұнайгаз» АҚ-ның корпоративтік басылымы «Ембі тынысы» газетінде, Компанияның сайтында - www.emba.kz және әлеуметтік желілеріндегі (Фейсбук, Инстаграм, В контакте, You tube) ресми парақшаларына орналастырылады.

Ескертпе: Шығармашылық жұмыстарды байқауға жолдарда жұмыстың авторы анық көрсетілуі керек. Егер шығарашылық жұмыс ұжым атынан болса, сыйлық ұжым мүшелеріне ортақ табысталады.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУДА СӨТТІЛІК ТІЛЕЙМІЗ! ЖҰМЫСТАРЫҢЫЗДЫ КҮТЕМІЗ!

Уважаемые коллеги!

Приглашаем вас принять участие в корпоративном творческом конкурсе «Я – ЭМБИНЕЦ» между работниками аппарата управления и производственных структурных подразделений АО «Эмбамунайгаз».

1. Цель конкурса:
- Вовлечение работников в корпоративные ценности ЭМГ, определённые в рамках Концепции развития Компании 2017-2027 гг.
- Выявление инициативных работников и трудовых коллективов, предлагающих новые эффективные методы и проекты по улучшению производственных процессов, оптимизации затрат, обеспечению безопасности труда, бережному отношению к окружающей среде и имуществу компании, в области корпоративной культуры;

- Развитие корпоративных коммуникаций.
- 2. Организаторы конкурса: Служба по связям с общественностью ЭМГ.
- 3. Период приема конкурсных заявок: с 1 февраля по 31 марта 2019 года.
- 4. **Конкурс творческих работ пройдет по 6 номинациям:**
- Наша цель – ноль происшествий!
- Доводим дело до конца!
- Бережем имущество Компании – обеспечиваем стабильность!
- Профессиональное мастерство – залог карьерного роста!
- Один коллектив – одна команда!
- Лучший логотип (эмблема) к 120-летию нефтедобычи на структуре Карашунгул.
- 5. Условия конкурса: В конкурсе имеют право участвовать все штатные сотрудники ЭМГ. Творческие работы, представленные на конкурс, принимаются в различных жанрах – презентации, статьи, очерки, репортажи, фоторепортажи, картины и видеоролики. Все работы следует направлять в Службу по связям с общественностью ЭМГ на электронные адреса сотрудников - L.Suleimenova@emg.kmger.kz, контактный тел: 21-177, 99-34-77, G.Karajanova@emg.kmger.kz -21-121, 99-34-21, A.Ertleuova@emg.kmger.kz, контактный тел: 21-309, 99-32-09.

6. Лучшие работы будут опубликованы в корпоративной газете ЭМГ – «Ембі Тынысы» и представлены на веб-сайте Компании - www.emba.kz и на официальных страницах компании в социальных сетях (Facebook, Instagram, ВКонтакте, Youtube).

Примечания: При отправке творческих работ следует четко указывать автора. Если работа выполнена коллективно, приз будет делиться между членами команды.

УДАЧИ В ТВОРЧЕСТВЕ! ЖДЕМ ВАШИ РАБОТЫ!

Болашақ – жастардың қолында

Биыл – жастар жылы. «Ембімұнайгаз» АҚ-да 2013 жылы құрылған Жас мамандар кеңесінің мүшелері Компанияның дамуына атсалысып қана қоймай, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени-көпшілік шараларға да белсене араласып келеді. Жуырда ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков Компанияның Жас мамандар кеңесінің басқару аппараты мен өндірістік-құрылымдық бөлімшелердегі жетекшілері және белсенді мүшелерімен кездесті.

- Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз Жолдауында «2019 жылды – Жастар жылы» деп белгіледі. Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ-да 5000-нан астам қызметкер еңбек етсе, оның бір мыңнан астамын 35 жасқа дейінгі жас мамандар құрайды. Мұның өзі Компанияның ұрпақтар сабақтастығы және отандық мұнай-газ саласына бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мәселелеріне баса назар аударытынын аңғартады. Осы мақсатта ЕМГ 2015 жылы Дуалдық оқыту бағдарламасын іске қосты. Бағдарлама аясында қазіргі таңда 93 студент мұнай-газ ісі бойынша дайындықтан өтіп, 37 жас Компанияға жұмысқа орналасты, - деп атап өтті Компанияның Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ өз сөзінде.

Компания басшысы кездесуге қатысушыларға биыл Қарашұңгіл кен алаңына 120 жыл толатынын жеткізіп, еліміздің мұнай-газ саласы, соның ішінде, Ембінің тарихындағы осы айтулы оқиғаға арналған шараларға жастардың белсенді түрде атсалысатындарына сенім білдірді.

Жиын барысында Кеңес төрағасы, қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің қызметкерлерді оқыту және дамыту бөлімінің кадрларды даярлау жөніндегі жетекші инженері Серік ШЫҒАНОВ аталмыш ұйымның 2013-2018 жылдары атқарған жұмыстары туралы есеп беріп, жиынға қатысушыларды 2019 жылғы жұмыс жоспарымен таныстырды.

- Компанияның басқару аппараты мен өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде жастар ұйымдары құрылған кезден бастап, жас мамандардың ұйымдас-

тыруымен 35-тен астам қайырымдылық, танымдық, мәдени-көпшілік шара өтті. Соның ішінде, ембілік жастар 2015 жылғы көктемде Атырау қаласында болған қатты жауын салдарынан зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсетуде де белсенділік танытты. Ұжым жинаған қаражатқа тұрғындардың аулаларындағы су айдалып, қажетті тауарлар, азық-түліктер сатып алынды. 2018 жылы көктемгі су тасқынынан зардап шеккен Шығыс Қазақстан облысының Зырян ауданының тұрғындарына Ембінің үлкен ұжымы көмек көрсеткен кезде біз аталған ауданның Жастар ресурстық орталығымен бірігіп, баспаналары жарамсыз болған, үй алуға мүмкіндіктері жоқ отбасыларын анықтадық. Естеріңізге сала кетейік, сол кезде ембіліктердің жинаған қаражатына 3 үй мен 4 пәтер алынды, - деп атап өтті С.Шығанов өзінің есептік баяндамасында.

Есептік жиын кезінде ЕМГ Жас мамандар кеңесінің жаңа жетекшісі сайланды. Жастар ұйымына 5 жыл бойы жетекшілік еткен С.Шығановтың орны-

на қоғаммен байланыс қызметінің маманы Айгүл Ертлеуова Жас мамандар кеңесінің жетекші болып сайланды. Сонымен қатар, күн тәртібіне сәйкес бастамашы топтың мүшелері де анықталып, Кеңестің 2019 жылға арналған жұмысының басты бағыты айқындалды. ЕМГ келешекте дамыту департаментінің стандарттау және бизнес процестерін оңтайландыру бөлімінің аға инженері Бекет Ғұбайдуллин, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің 2 категориялы инженері Жанбақыт Дәуітов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ қабат қысымын сақтау операторы Әбділмажит Сайфеденов Компания басшысына бұдан әрі де жас мамандарды қолдау жөнінде өз ұсыныстарын жеткізді.

Естеріңізге сала кетейік, аталмыш ұйым 2013 жылы Ембінің басқару аппараты мен барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде құрылды. Жыл сайын Кеңес мүшелері Компанияның өндірістік-қоғамдық өміріне белсене араласып келеді.



Қарашұңгіл – 120

Қазақ мұнайы тарихының бастауы

1835 жылдан бастап Каспийдің солтүстік шығыс жағасы зерттеу аясына айналған. Әртүрлі экспедициялар келіп әуелі картаға түсіреді. Кен іздейді. Сонда олардың бәрі дерлік май сіңді жыныс топыраққа, жергілікті елдің қатқан мұнайды сағыз дейтініне, Сағыз өзенінің көп тұстарында сағыздың жер бетіне шығып жататынына көп назар аударыпты. Жоғарыға берген есептерінде ол тұстардың дәл координатасын көрсетіп жазып отырады. Өте-мөте

Қарашұңгілге назар аударыңқыраған. Ол уақыттың барлауында, сірә, сейсмикалық, геофизикалық зерттеулер жоқ. Оның олқысын толтырушы – көз, көзбен барлау. Сосын көргенін көкейкөзден өткізіп, ішкі түйсікпен қорытынды жасау. Сонда келген зерттеушілердің ортақ топшылауы «мұнайлы қабат жақында жатыр, жердің беткі салмағын көтере алмай ойылып кеткен тұс қазаншұңқыр болып қалған екен» дегенге саяды.

Сонымен, елімізде мұнай өндіру тарихы Қарашұңгілден басталды. Ембі-Каспий серікестігі (Леман, Доппельмаер және Грум-Гржимайло) Қарашұңгіл кенінде 38-275 метрге дейінгі тереңдікте 21 ұңғы бұрғыланды. 1899 жылдың қараша айында Қарашұңгілден №7 ұңғыдан 40 метр тереңдіктен тұңғыш мұнай фонтаны алынды. Пайдалану мерзімінде ұңғыдан 5 мың тонна мұнай алынып, Ембі аймағында мұнайдың өнеркәсіптік қоры бар екендігі дәлелденді.

Академик Губкин бұл өлкенің мұнайға қатысты үлкен болашағы туралы болжам жасағанда қаперге алдымен Қарашұңгіл сияқты шағын кенорындарын алғандығында сөз жоқ. «Бұл жерде Орал-Ембі мұнайлы облысының ең оңтүстігіндегі кендерінің бірі Қарашұңгілде 1899 жылы 5 мың тоннаға жуық мұнай берген тұңғыш фонтан атқылағанын еске түсірген жөн. Фонтан пермь жыныстарынан шықты. Бұл фактінің өзі бізді тереңірек қабаттарға назар аударуға, бұрғылауды тереңдете түсуге мәжбүр етеді», деп жазған бір хатында академик И.М.Губкин.

Бірақ кенорынның дәурені ұзақ болмайды. Мұнай қалай тез шықса, солай тез тоқтайды. Сол арада Доссордан да мұнай табылып, әлемнің назары назары соған ауады. Ал, Жылыой аймағында Қарашұңгілден кейін мұнай көзі Косшағылдан табылды.

Көріп отырғанымыздай, Қарашұңгіл – қазақ мұнайының басында тұрған киелі атау. Ұлы көш содан басталды. Қарашұңгілден мұнай табылмаса жалпы Жем, Атырау өңірін барлау, кен көзін ашу тым ұзаққа созылып кетер еді.

Қарашұңгіл - ел аузында киелі орын. Әулие делінеді. Басына түнеп зиярат етеді. Ғасыр тоғысында одан атқылаған мұнайдың бір күнде сап тиыла қалғанын халық әулиенің кереметі деп түсінген. Алуан түрлі аңызға бергісіз әңгімелер тараған. Бертін келе заман түзелген соң Қарашұңгіл басынан түнеухана салынды. Ескерткіштердің есебі алынып мемлекет қорғауына алынды. Ондағы аталар туралы жазып, жылы сөзімізді айта алуға жетістік.

Қасиетті Қарашұңгіл қазақтың «қара алтын» қазынасының бастауы атын қайта жаңғыртып, қазақтың жаңа тұрпаттағы тарихымен табысты.

Биыл қазақ мұнайының алтын бастауы болған Қарашұңгілге 120 жыл толғалы отыр. Осы айтулы датаға орай жыл бойына ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары бекітіліп, дайындық басталып кетті.

Газетіміздің алдағы нөмірлерінде сіздерді «Қарашұңгіл – 120» айдарымен өтетін шаралар тізімімен таныстыратын боламыз.



Асель ТОЛЕУБАЕВА,
инженер отдела планирования закупок:
**«НАГРАДУ ОТ КОМПАНИИ
ПОСВЯЩАЮ СВОЕЙ МАТЕРИ»**

Немного о себе: Я выросла в Алматы, в семье заслуженных деятелей науки Казахстана. Отец из Восточного Казахстана из рода «найман», мама с Павлодарской области, из рода «аргын канжыгалы». Оба моих родителей имеют ученую степень, профессора, доктора этнографических наук. Сама я имею два высших образования – экономическое (Алматинский государственный университет им. Абая) и техническое по специальности «Разработчик нефтегазовых месторождений» (Атырауский институт нефти и газа).

О работе и желаемых перспективах: Сейчас я работаю в отделе планирования закупок Департамента закупок и местного содержания АО «Эмбаунайгаз». Моя работа заключается в проверке и согласовании заявок на организацию и проведение закупочных процедур по работам и услугам, согласно утвержденных Планов годовых и долгосрочных закупок Общества. В мои обязанности входят - сбор, проверка, регистрация заявок по закупке работ и услуг Общества, ведение Реестра заявок, мониторинг и еженедельная рассылка Реестра администраторам бюджетных программ по не предоставленным в срок заявкам. Являюсь также секретарем Комиссии по рассмотрению исполнения



договоров ТРУ общества. В работе ответственна, исполнительна, иногда принципиально отстаиваю свою позицию. Все эти качества я переняла от своих родителей.

Я горжусь тем, что работаю в АО «Эмбаунайгаз». Здесь имеются хорошие перспективы профессионального роста, и я верю, что своим трудом вношу лепту в процветание компании.

Немного о хобби: На домбре играю сколько себя помню. От отца унаследовала музыкальный слух. В

школьные годы посещала класс фортепиано, немного играю на гитаре.

О награде: По итогам 2018 года я удостоилась награды «Жыл тандауы 2018». В первую очередь я благодарна своим родителям – за отличное образование и воспитание, руководству Компании и коммерческого блока – за высокую оценку моего труда. В 2016 году я потеряла самого родного и любимого человека в моей жизни, мою маму, Төлеубаеву Гульжазир Мейрамовну, и свою награду посвящаю ее памяти!

Ембінің мақтанышы

Талғат КӨРПЕБАЕВ,
**«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ «Терең-Өзек»
мұнай өндіру цехының 2 телім операторы:**
**«АДАЛ ЕҢБЕК ПЕН ӨНЕР МЕНІ
БАҚЫТҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ»**

Өзім туралы:

1982 жылы кең Жылыой топырағының Сарықамыс кентінде дүниеге келдім. Әкем Есенбай Көрпебаев мектеп бітірген 1977 жылдан бастап Прорва кен алаңында мұнайшы болып еңбек етті. Аталған кен орнының 50 жылдығына орай «Ембімұнайгаз» компаниясының басшылығы әкемнің осы салаға қосқан үлесін бағалап, темір тұлпар сыйға тартты.

Қазыналы өлкеміздің қойнауынан «қара алтынды» өндіріп, өндірістің өрісін кеңейтіп, ел экономикасына сүбелі үлес қосу мақсатында ең қиындыққа қарамай келешек ұрпақтың бақытты, бақуатты өмір сүруі үшін тер төккен, өндірісте өзіндік із қалдырған ардагер мұнайшылардың еңбектерін әкем арқылы естіп-көріп өстім. Сол маған ерекше әсер етті ме, әлде отбасымызда үйдің тұңғышы болғандықтан ба, әкенің мамандығына деген адалдығы менің де бойыма дарыды. Әке жолын қуып, мұнайшы деген мәртебелі мамандықты игеріп, осы кәсіпті нәсіп еттім.

Отбасымызда өзімнен кейін екі ұл, екі қыз тәрбиеленді. Әкеміз өткен жылы өмірден өтті. Ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған анамыз зейнет жасына шығып, қазір 11 немере мен 8 жиенінің қызығын көріп отыр.

Жұмысым жайлы:

2010 жылы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ зерттеу зерттеу жұмыстар цехының III дәрежелі операторы болып жұмысқа орналастым. Осы басқармадағы зерттеу жұмыстар цехының шебері Света Байгожа маған жұмыстың қыр-сырын үйретіп, оператор Нұрхан Имашев ұстазым болды. Жеті жылдан соң «Терең-Өзек» мұнай өндіру цехының 2 телім операторы болып ауыстым.

Қазіргі ұжымымыз да өте ұйымшыл, әрқайсысы – өз ісінің шеберлері, «қара алтынды» өндіру жолында аянбай еңбек етіп жүрген азаматтар. Әрқайсысы туралы терең әңгіме өрбітуге болады.

Өнерге деген сүйіспеншілік:

Музыкаға деген қызығушылығым балабақшада тәрбеленіп жүрген кезімнен ерекше аңғарыла бастады. Жалпы, бұл өнер әкемнен дарыған деп айта аламын. Ағаларым – түрлі аспаптарда ойнайтын өнерлі жандар. Осының бәрі жастайымнан құлағыма сінді десем артық айтқандық емес шығар.

Ән айтудан бөлек домбырада, гитарада ойнаймын. Өзімнен кейінгі іні-қарындасарым да – өнер жолында жүрген жандар.

Алғаш рет сахнаға мектеп қабырғасында 6-7 сыныптарда оқып жүргенде шықтым. 2002 жылы Қарағанды қаласындағы №6505 әскери бөлімшесінде әскерде жүрген кезімде «Жас қанат» байқауына қатысып, алғаш рет бағымды сынап көрдім. Қазылар алқасының шешімімен «Көрермен көзайымы» номинациясына ие болдым. Бұдан кейін аудандық, облыстық, республикалық дәрежедегі байқаулар көп болды.

2017 жылы Ақтөбеде өткен Жастар слетінде, «ҚазМұнайГаз» компаниясының қолдауымен Алматы қаласындағы республика сарайында өткен шарада да өнер көрсеттім. Бұл өнер менің жанымға жақын. Адал еңбек пен өнер мені бақытқа жетелейді.



Кең Жылыойдың Ескендірі!



(Терең-Өзек мұнай өндіру цехының мұнайшысы, талantты әнші Талғат Көрпебаевқа)


Самал боп маңдайынан ескен жыры.
Күнде той, күнде думан кешкен күні.
Елімнің дара туған бір ұлысың,
Шырқай бер, Кең Жылыойдың Ескендірі!

Еңбекпенен өнерді еткен сыңар,
Алла саған мейірімін төккен шығар.
Алатаудың төрінде әнін айттың,
Шәмші де бір аударылып жатқан шығар.

Жүзі нұр, жүрегі жыр тұнып тұрған,
Әніңді тыңдаған жан ұйып, тынған.
Жез таңдай, күміс көмей әнші Талғат,
Әрдайым көріне бер биік шыңнан!

Гүлбағыт ИСПАНҒАЛИЕВА,
Терең-өзек мұнай өндіру цехының
қабат қысымын қолдау операторы.

Доңыз жылындағы Жұлдыз жорамал



Биыл-доңыз жылы.
Астролог мамандардың айтуы бойынша 2019 жыл Шаян, Сарышаян және Балықтар үшін аса табысты болмақ. Доңыз мейірімді жануар болғандықтан, ашу мен

ызаға бой алдырмағанымыз жөн. Сондай-ақ, доңыз - аңғал, тез сенгіш жануар, алайда, сенгіш мінезінің кесірінен жиі құрбан болады. Сол себепті, жеке қарым-қатынаста, ақша мәселесіне келгенде аса сақ болған жөн.

Енді 2019 жылдың әрқайсымызға не сыйлайтынын жұлдыздар айтсын.

Тоқты



Тоқтылар бойындағы тасып тұрған энергия мен күшінің арқасында 2019 жылы үлкен жетістіктерге қол жеткізеді. Оның үстіне Тоқтылардың жыл сайын өзіне қойған талабы да өсіп келе жатыр.

Торпақ



2019 жылы торпақтарға айналаңыздағылармен тіл табыса білу және оларға ұнауға тырысу қасиеті өте қатты қажет болады. Себебі, айналасында жүрген жандар торпақтарға бизнес, қаржы және шығармашылық саласындағы қиындықтарды шешуге көмектесетін адамдармен таныстырады. Доңыз жылы торпақтар қаржылай қиындықтарды айналып өтеді.

Егіздер



Жаңа жылда егіздер білегін сыбанып, жақсылап жұмыс істеулеріне тура келеді. Үнемі әрі табанды түрде еңбектенеді. Қандай жағдай болмасын, майда-шүйде нәрселерге мән беруді ұмытпағандары жөн. Келісімшарттағы бір ғана оқылмай кеткен сөйлемге бола бар жиған-тергендерінен айырылып қалулары да мүмкін.

Шаян



Егер шаяндар әрі қарай да талмай еңбектенетін болса, армандаған биік шыңдарын бағындырады. Доңыз жылында шаянды көп өзгерістер күтеді. Сол өзгерістерден тек қорықпау керек, сонда ғана бақытты да берекелі өмір басталады.

Арыстан



Табыс өзін қабылдауға дайын тұрған адамдарды ғана жақсы көреді. Сол себепті, арыстандар 2019 жылы бір істі қолға алуды жоспарлаған болса, оны жүзеге асыруды жыл басынан бастағандары жөн. Доңыз жылы көп ойланбай, шешім қабылдайтын сәтте батылдық танытқандары жөн. Жұлдыздар ішімдіктен бас тартып, салауатты өмір салтын ұстануға кеңес береді. Әсіресе асқазан мен жүрекке ерекше мән берген дұрыс. Бұл — арыстандардың әлсіз тұстары.

Бикеш



Доңыз жылы бикештерге күш-қуатын дұрыс жұмсауға үйретеді. Егер әзірден бастап ойға алған жобаларын жүзеге асыруға кіріссе, жаздың ортасына қарай материалдық жағдайлары жақсарады. Бірақ, осы жолда достарын жоғалтып алулары мүмкін. Әсіресе, бала күнгі достарымен жақсы қарым-қатынасты сақтап қалуға тырысқандары жөн.

Таразы



2019 жылы таразылар үшін "тепе-теңдік" басты сөзге айналады. Яғни, Жаңа жылда тек жұмыспен айналысып кетуге немесе толықтай сезімнің жетегінде кетуге болмайтынын ескергендері жөн. Жылдың алғашқы бөлігінде жұмыс пен махаббат арасында тепе-теңдік сақтауды үйренсе, жыл соңына қарай нағыз бақыттың не екенін сезінеді. Жақындарының айтқандарына сеніп, жетегінде кетпеуге тырысқандары тиімді. Қалай болғанда да, Доңыз таразыларға көп көмегін тигізеді.

Сарышаян



2019 жылы "Мақсатымды көріп тұрмын, ешқандай кедергі жоқ және бастысы өзіме сенемін" деген өмірлік ұстанымдары өз күшін жоғалтады. Әрине, Доңыздың өзіне сенімді және өзіндік мені бар адамды жақсы көретіні сөзсіз. Алайда ол менменшіл және тәкаппар адамдарды көп жақтыра бермейді. Сондай-ақ, ол адамдардың бойында қырағылық сынды қасиеттің болғанын қалайды. Сол себепті сарышаяндар 2019 жылы бірнәрсені ойланбай істеуден аулақ болғаны жөн. Сарышаяндарға алғаш рет салқынқандылықпен бірге жүректің көмегі қажет болады.

Мерген



Доңыз жылында көбірек ақша тауып, оларды ретімен жұмсауды үйренеді. Ақша мәселесіне қатысты қандай да бір дұрыс емес таңдау жасаған кезде тағдыр оларға белгі беріп сақтандырады. 2019 жылы көп нәрсе жасап үлгеруге тырысатындары сөзсіз. Мұнда жоспар құрмасқа болмайды. Сондай-ақ, жоспарды өмірдің барлық маңызды саласында құрғандары жөн. Осының арқасында мергендер назарларын бір іске ғана емес, керектінің барлығына бағыттайды. Бұдан өзге мергендер белгілі бір салада білімдерінің жетіспейтініне көз жеткізіп, тағы бір оқуға түсулері мүмкін. Бұл – өте дұрыс шешім.

Тауешкі



Тауешкілер барлығын басқарып үйреніп қалған. Бір нәрсені уысында ұстамаса, өздерін жайсыз сезінеді. Ең бастысы, 2019 жылы арыстандарға осы қасиетін көрсететін жер табылады. Кейде басына бақ қонып, ісі біреудің арқасында жақсы жүріп жатқандай көрінеді. Қалай болғанда да, барлығының сәтті өтіп жатқаны үшін алғыс айтуды ұмытпаған жөн. Қолына көп ақша түссе, бір бөлігін қайырымдылыққа жұмсаған дұрыс болар. Мәселе тек ақшада емес, адамдарға жылулық сыйлай білуде.

Суқұйғыш



Суқұйғыштарға 2019 жылы қаржылай қиындықтарды асқан батылдықпен шешіп, сүйіктілеріне, жұбайларына жақсылап көңіл бөлетін кез келген сияқты. Сондай-ақ, алда жаңа жобалар күтіп тұр. Ең бастысы, ойланамын дегенше, бұл мүмкіндіктердің уыстан шығып кетпеуіне баса мән беру. Жоспардан ауытқып кетіп жатса да, алғашқы қадам жасау үлкен жетістік екенін естен шығармау.

Балықтар



Егер жаңа жылда балықтар жалқаулықты, қорқынышты жеңе білсе, тау мен тасты қопаратыны сөзсіз. Ең бастысы, майда-шүйдеге мән бермей, алдын ала құрастырылған жоспарға сай жұмыс істеу. Туған-туыстарға да зер салып қойған жөн. Дәл қазір олар балықтардың қолдауларына зәру болып жүр.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ
Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі
Бас редактор: А. Ертлеуова

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:
Л.Сүлейменоваға - 8 (7122) 99-34-77, 21-177.
L.Suleimenova@emg.kmger.kz
Ғ.Қаражановаға – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmger.kz
А.Ертлеуоваға – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
A.Ertleuova@emg.kmger.kz

Редакциялық кеңес:
Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;
Айболат ГАБДУЛЛИН - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;
Қайрат ӘДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;
Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;
Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;
Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;
Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі